

**8D07101 – Автоматтандыру және роботтандыру білім беру
бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін иеленуге
ұсынылған Тасболатова Лаура Талгатқызының «ҚР көлік дәліздеріндегі
поездар қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерінде
деректерді беру кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми
кеңесшінің**

ПІКІРІ

Тасболатова Лаура Талгатқызының докторлық диссертациясы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасында келтірілген еліміздің магистральді теміржол желісіндегі инфроқұрылымды цифрлық стандарттар мен микропроцессорлық жүйелерді пайдаланатын станциялар мен учаскелердің өткізу қабілетін арттыратын интеллектуалды басқару функциясы бар ұлттық техникалық шешімдері әзірлеу бойынша өзекті мәселелер қарастырылған.

Тасболатова Лаура Талгатқызының зерттеу жұмысындағы негізгі ғылыми нәтижелер Ғылым комитеті тарапынан жас ғалымдарды қолдау аясында 2022-2024 жылдарға арналған AP13068231 «Бұрмалар мен бағдаршамдарды микропроцессорлық орталықтандырудың ұлттық жүйесінің жұмыс жасау алгоритмдерін зерттеу және өңдеу» ғылыми жобасы негізінде жүргізіліп, жоба шеңберінде ғылыми-практикалық нақты нәтижелерге қол жеткізді. Лаура Талгатқызының алған ғылыми нәтижелері белгіленген мақсат-міндеттердің сапасы орындалуымен біртұтастықта диссертациялық жұмыстың негізін қалап, қажетті ғылыми басылымдарда, соның ішінде Scopus және WoS деректер базасына деректер базасына кіретін «IEEE Access» және «TEM Journal» журналында эксперименттік нәтижелер басылып шығарылды. Ізденушінің ғылыми еңбектері талап етілетін ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің ұсынған басылымдарында жарық көрді. Аталған жұмыстың әр бөлігі Қазақстан Республикасы аумағында және шетелдік конференциялар мен семинарларда баяндалды.

Еліміз арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздері арқылы тасымалдау көлемінің артуына байланысты көптеген алдығы қатарлы елдердің тәжірибесі негізінде магистральді теміржол желісіндегі қолданыстағы ПҚИРЖ-Е жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде бұрмалар мен бағдаршамдарды басқарудың KZ-МПО-МА модульдік архитектуралы ұлттық интеллектуалды орталықтандыру жүйесі әзірлеуге қатысты.

Зерттеушінің жұмыста қол жеткізген негізгі ғылыми жаңалықтары:

- бұрмалар мен бағдаршамдарды басқарудың KZ-МПО-МА модульдік архитектуралы ұлттық интеллектуалды орталықтандыру жүйесін әзірленді;
- KZ-МПО-МА жүйесінің жұмыс алгоритмі мен бағдарламалық кодының әзірледі;

- пойыз қозғалысының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін TETRA стандарты бойынша деректерді беру арнасын бағалау әдістемесі әзірледі;

- TETRA стандарты бойынша деректерді тарату арнасының моделін әзірледі;

- ПҚИРЖ-Е деректерді тарату үшін TETRA желісінің базалық моделі құрды.

Докторант Лаура Талгатқызының жоғарыда аталған зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда шығып, халықаралық конференцияларда 2022-2025 жылдары баяндалды.

Диссертациялық жұмыс бойынша ғылыми іздену және оны әзірлеу барысында Лаура Талгатқызының KZ-MΠO-MA модульдік архитектуралы ұлттық интеллектуалды орталықтандыру жүйесін, TETRA стандарты бойынша деректерді беру арнасын бағалау әдістемесі мен деректерді тарату арнасының моделін әзірлеуде жаңа ғылыми идеяларды игеруде өзінің еңбекқорлығын, қажырлығын және зерттеу мәселелері бойынша теориялық дайындығы жоғары екенін көрсете білді.

Қорыта келе, Тасболатова Лаура Талгатқызының «ҚР көлік дәліздеріндегі поездар қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерінде деректерді беру кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін зерттеу» атты диссертациялық 8D07101 – Автоматтандыру және роботтандыру білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін иеленуге қатысты диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына сай және автор философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін. Ашық қорғауға жіберуді ұсынамын

Отандық ғылыми кеңесші

PhD, қауымдастырылған профессор

Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің,

«Киберқауіпсіздік» кафедрасының

зерттеуші профессоры

Қ.М. Сансызбай

Подпись указанного лица удостоверяю

